

**ӨЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ДАЙЫНДАУҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК  
НҰСҚАУ**

Шымкент- 2025ж.

Құрастырғандар: Бердалиев Д.Т., Аширбаева С.К., Кадирбаева Р.И.  
Білім беру бағдарламаларын дайындауға арналған әдістемелік нұсқау. -  
Шымкент: Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ, 2025ж.

Әдістемелік нұсқау ҒЖЖБМ нормативтік құжаттарының негізінде жасалынды.

Бұл әдістемелік нұсқауда білім беру бағдарламасын дайындаудың негізгі және тәжірибелік ұсыныныстары келтірілген.

Әдістемелік құрал білім беру бағдарламасын дайындайтын құрастырушыларға арналған.

Рецензент: Кудышева А.А. –п.ғ.к.,                      Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ  
Академиялық кеңес төрағасы

Академиялық кеңес мәжілісінде қаралып, бекітілді (Хаттама № 4, «20» ақпан 2025ж.)

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық  
университеті, 2025 ж.

## **Мазмұны**

### **Кіріспе**

#### **1 Білім беру бағдарламаларына қойылатын жалпы талаптар**

#### **2 Білім беру бағдарламасын даярлау алгоритмі**

2.1 Жұмысшы тобын қалыптастыру

2.2 Білім беру бағдарламаларына қатысты құжаттарды талдау

2.3 Оқу нәтижелерін құру

2.4 Оқу нәтижелеріне сәйкес оқытатын пәндерді, оқытудың әдіс-тәсілдерін айқындау

2.5 Оқу жұмыс жоспарларын дайындау

#### **3 Білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементтері**

3.1. Білім беру бағдарламасының паспорты

3.2. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

3.3. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары

3.4. Бітіруші моделі

3.5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері

3.6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

3.7 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

#### **4. Білім беру бағдарламаларын құрылымдық элементтерін жобалауға арналған ұсыныстар**

4.1. Білім беру бағдарламасының паспорты

4.2. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері

4.3. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары

4.4. Бітірушінің құзыреттілік моделі

4.5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері

4.6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

4.7 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

#### **5. Білім беру бағдарламаның үлгісі**

## **Кіріспе**

Жоғарғы білім беру сапасы кешенді бағалаудың негізгі ұғымын құрастыратын академиялық орта, бұл оқыту мен білім беру бағдарламалары. Болон процесінің негізгі мақсаты оқу бағдарламаларының теңдестірілуі мен салыстырмалылығы болып табылады.

Осы мақсаттың шешімін табуға көбінесе дұрыс қалыптастырылған оқыту нәтижелері және кредиттері, сапалы құрастырылған модульді білім беру бағдарламалары негіз болады. Қазіргі кезде барлық экономикалық дамыған елдер нәтижеге бағытталған модульді білім беру бағдарламаларын қолданысқа енгізіп жүзеге асыруда. Тәжірибеге сүйенетін болсақ Қазақстан үшін, бұл шешім еңбек нарығына қалыптасқан, білім беру саласындағы құбылмалы жағдайларға тез бейімделе алатын және экономикалық бәсекеге қабілетті жоғары кәсіби мамандарды дайындау үшін қажет.

Болон реформасының Европалық кеңестіктегі жоғары білім берудегі көздегені:

- бәріне арналған сапалы жоғары білім беру;
- бітірушілердің жұмысқа орналасуының мүмкіншілігін ұлғайту;
- сапалы оқытудың негізін құрайтын мобильділікті жоғарылату;
- жоғары білім берудегі Европалық кеңестікте жоғары білім беруді интернационализациялау;
- кәсіби біліктілік және академиялық дәреже беруде ашықтық қамтамасыздандыру.

Осы контексте білім беру бағдарламалары Болон реформаларының мақсаттарын жүзеге асыратын маңызды аспектісі болып табылады.

Қазақстанның жоғары білім берудегі өзгерістері жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кәсіби білім беру бағдарламаларын қайта қарауды талап етеді. Осыған байланысты білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұны еңбек нарығының сұраныстарына және Болон процесінің параметрлеріне сәйкестендіріліп жасалуы кәзіргі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің күрделі міндеттерінің бірі болып табылады.

Жаңа заман талабына сай жобаланып жасалынатын білім беру бағдарламалары бұрынғы қалыптасқан білім берудің дәстүрін жаңа білім алушыға бағдарланған тәсіліне көшуді көздейді. Білім беру бағдарламалары құзыреттілікке негізделген міндетті, жоғары оқу орнының және таңдау компоненттерінің құрылымындағы модульдер мен тиісті курстардан құралады. Курстардың оқыту нәтижесі оқыту жұмысында қажетті құзыреттіліктерді сипаттайды және ҰБШ жүйесінің деңгейлеріне сәйкестендіріледі.

Инновациялық білім беру бағдарламаларының ерекшелігі – ол болашақ мұғалімдерінің пәндік дайындығына, орта білім мазмұнына сәйкес келетін пәнаралық және зерттеушілік құзыреттіліктерге ерекше көңіл бөледі. БББ білім беру саласындағы заманауи талаптарға жауап беретін және өзгермелілік, белгісіздік, күрделілік және екіұштылық әлемінде өмір сүріп, жұмыс істейтін 21-ғасыр мұғалімдеріне қажетті құзыреттерді қалыптастыратын құзыреттіліктің жаңа бағыттарын анықтайды. БББ болашақ мұғалімдердің

құқықтары мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, төзімділік қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді. Табиғаты жағынан ол пәнаралық, болашақ мұғалімдерге бағытталған, ғылыми интеграцияланған және проблемалық-бағдарланған болып табылады, ал курстарды таңдау тарих пен қоғамның өзекті мәселелерімен анықталады және курстардың халықаралық сипаттамаларына сәйкес келеді.

БББ оқыту мен бағалау әдістері, сондай-ақ пәндік курстар бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз ететіндей етіп таңдалатын, сындарлы келісім қағидаттарын көздейтін. Сонымен қатар, БББ болашақ мұғалімдердің көпұлтты және көпконфессиялы құрамын және олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін ескере отырып, инклюзивті тәсілді ұстанады.

Білім беру бағдарламасы келесі негізгі қағидаларға негізделеді:

- Құзыреттілік әдісі;
- Конструктивті (сындарлы) келісім;
- Білімалушыларға бағдарланған және белсенді оқытуды қолдайтын әдістер;
- Зерттеулерге негізделген оқыту;
- Пәнаралық оқыту;
- Инклюзия;
- Кәсіби даму мен өзгерістерді басқару.

Болон процесінің негізгі ұстанымдарына сәйкес жасалынған білім беру бағдарламалары келесі негізгі ұстанымдарды сақтауды көздейді:

*-құзыреттіліктерді сипаттайтын білім беру нәтижелері, студенттің ББ меңгергеннен кейінгі білуі, білікті болуы, дағдылары болуы, құзыретті болуы тиіс екенін көрсетеді;*

*- құзыреттілікті қалыптастыратын ББ модульді құрылыммен жасалынып, пәндердің теориялық және практикалық курстарынан, модульдерінен тұрады.*

Білім беруде жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын енгізу, кадрларды даярлау кезінде әр пәнді оқытудың жеке жоспарларын құруды және білім алушылардың үлгерімін бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жасанды интеллект білім алушылардың сыни ойлауы мен шығармашылығын дамытуға бағытталған қажеттіліктері және ерекшеліктеріне байланысты оқыту тәсілдері мен тапсырмаларды құрастыруға көмектеседі.

Осының бәрі қазақстандық білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, студенттердің және оқытушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы отандық дипломдардың европалық кеңестікте тануын, бітірушілердің қалаған елде жұмысқа орналасуына мүмкіншілік береді.

## **1. Білім беру бағдарламаларына қойылатын жалпы талаптар**

Білім беру бағдарламалары жоғары оқу орындарының білім беру миссиясының өзегі болып табылады. Олар білім алушыларды академиялық біліммен, сондай-ақ қажетті іскерлікпен және дағдылармен қамтамасыз етеді, соның ішінде олардың тұлғалық дамуына әсер етуі және олардың болашақ мансабында қолданылуы мүмкін.

Білім беру бағдарламалары:

- ❖ бағдарламалар оқытудың күтілетін нәтижелерін қоса алғанда, университеттің миссиясына сәйкес әзірленуі тиіс;
- ❖ жұмыс берушілердің, профессор-оқытушылардың, білімалушылар мен басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен әзірленуі тиіс;
- ❖ сыртқы сараптамалардан өткізілген болуы тиіс;
- ❖ мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарына сәйкес болуы тиіс;
- ❖ білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарындағы пәндер жоғары кәсіптік профессор-оқытушылармен қамтамасыз етілуі білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келуі тиіс. ББ бойынша штаттық ПОҚ 60 %-дан, ғылыми әлеуеті 50 %-дан жоғары болуы керек. Кредиттік оқыту жүйесінің негізгі принциптерін қамтамасыз ететін, яғни таңдау курстары және оқу жоспарына сай әртүрлі пәндерді тең дәрежеде жүргізе алатын, бірін-бірі алмастыра алатын және білім алушылардың таңдауына мүмкін болатын профессор-оқытушылар жеткілікті болуы тиіс;
- ❖ білім беру бағдарламасын іске асыру үшін қажетті материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базамен, сымсыз технологияларды қоса алғанда кең жолақты интернет желісімен, компьютерлік кабинеттермен жарақтандырылуы тиіс;
- ❖ білім беру бағдарламаларының оқу жоспарындағы пәндер оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі тиіс;
- ❖ бағдарламаны игеру нәтижесінде алынатын біліктілік жоғары білім берудегі Ұлттық біліктілік шеңберінің белгілі бір деңгейіне және тиісінше, жоғары білім берудің еуропалық кеңістігіндегі біліктілік шеңберіне сәйкес келуі тиіс;
- ❖ білім берудің жаңартылған мазмұны компоненттерін педагогикалық бағыт бойынша дайындалатын білім беру бағдарламаларына интеграциялау тиіс.

## **2. Білім беру бағдарламасын даярлау алгоритмі**

### **2.1 Жұмысшы тобын қалыптастыру**

Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламаларын даярлау бойынша жұмысшы тобын қалыптастыру. Бұл ретте басқару органдары барлық педагогикалық ұжымның іс-әрекетін үйлестіруді қамтамасыз ету және инновациялық процесті ақпараттық, консалтингтік және ғылыми-әдістемелік сүйемелдеуді жүзеге асыру қажет.

Бұл кезеңде келесі міндеттерді шешу қажет:

- ❖ жұмыс тобының құрамын анықтау;
- ❖ жұмыс тобының жетекшісін тағайындау;
- ❖ оның жұмыс ретін анықтау;
- ❖ топтың алдына жалпы міндеті мен келесі кезеңнің міндетін қою.

Жұмысшы тобының құрамына шығарушы кафедраның тәжірибелі профессор-оқытушыларын және мүмкіндігінше НЗМ және лицейдің алдыңғы қатарлы ұстаздарын, білім алушыларды қатыстырған жөн.

Жұмысшы тобының құрамы Басқарма-мүшесі Академиялық істер жөніндегі проректордың өкімімен бекітіледі.

## **2.2 Білім беру бағдарламаларына қатысты құжаттарды талдау**

Білім беру бағдарламаларын даярлау бойынша жұмысшы тобын құрылғаннан кейін нарықты зерттейді, Ұлттық біліктілік шеңберін, Салалық біліктілік шеңберін, Кәсіптік стандарттын, Дублин дескрипторын, НЗМ бағдарламадарын, Жалпы орта мектеп бағдарламаларын, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарымен және басқада нормативтік құқықтық актілерін талдайды. Талдау нәтижесін негізге ала отырып университеттің миссиясына сәйкес бітірушінің моделін жасайды. Осы модельге жету үшін білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын айқындайды.

Білім беру бағдарламалары қазіргі қоғамда сұранысқа ие, білім беру саласындағы тұрақты өзгерістерге тез бейімделе алатын, бәсекеге қабілетті, қойылатын талаптарға жауап беретін болашақ мамандарға арналған. Білім беру бағдарламалары болашақ мамандардың құқықтар мен мүдделеріне нұқсан келтірмей, теңдік, сыйластық, толеранттық қағидаттарын сақтай отырып, оқуға тең мүмкіндіктер береді.

Білім беру бағдарламалары оқыту мен бағалау әдістері бағдарламада көрсетілген құзыреттіліктерге қол жеткізу мен өлшеуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, бағдарлама болашақ мамандардың көпұлтты және көпконфессиялы құрамын, олардың оқытуды қолдаудағы әртүрлі қажеттіліктерін, инклюзивті тәсілді ұстанады. Білім берудегі инклюзия барлық білім алушылар, дене кемістігіне немесе мүгедектікке қарамастан, құрбыларымен бірге оқу мүмкіндігін береді.

Білім беру бағдарламаларында білім беруде болашақ мамандар барлығы үшін әмбебап дизайн қағидаларына негізделген әртүрлі білім алушылар үшін оқу бағдарламаларын іске асыруда кәсіпқой ретінде сезінуіне ерекше көңіл бөлінеді. Бірлесіп оқыту және саралау тәсілі сынды инклюзивті әдістерді іске қосу.

## **2.3 Оқу нәтижелерін құру**

Бұл кезеңде білім беру бағдарламасының мақсатына қол жеткізуге мүмкіндік беретін және кәсіби құзыреттілікті дамытуды өмір бойы үздіксіз оқу үдерісі ретінде түсінетін ББ бойынша күтілетін оқу нәтижелерін (ОН) келесілерді басшылыққа алып әзірлейді.

### **Күтілетін оқу нәтижесі**



	немесе тұжырымдамаларды түсіндіруге қабілетті ме?	түсіндіреді, баяндайды, таңдайды, өз сөзімен жеткізеді, мысал келтіреді, бақылайды, ажыратады, көрсетеді
	Студент ақпаратты еске түсіруге қабілетті ме?	Анықтайды, тізім жасайды, есте сақтайды, қайталайды, таңдайды, дәйексөз келтіреді, жаңғыртады, сипаттайды, ақпаратты таниды

### Оқу нәтижесінің құрылымы

**Actor- әрекет етуші тұлға** «Бағдарламаны меңгеру қорытындысы бойынша білім алушы келесі оқу нәтижелеріне ие болады:.....»

**Conditions-** контекст, пән бойынша бөлігі

**Criterion-** орындау сапасының деңгейі - “сындарлы”, “дәл”, “.... сәйкес”

**Behavior-** іс-әрекеті- белсенді етістік

#### ОН дұрыс құрылғандығын тексеру

- Бітірушінің моделімен келісімді ме?
- Оқыту бағдарламасының деңгейіне (оқу жылына) және бітірушінің күзiреттілігіне сәйкес келеді ме?
- Білімнің, когнитивті дағдылардың, жалпы дағдылардың және пән бойынша арнайы дағдылардың арасындағы баланс сақталды ма?
  - Білімгерлер мен ата-аналарға анық және түсінікті ме?
- Өлшенеді ме және бағаланады ма?
- Оқыту процесін емес, нәтижені сипаттайды ма?
- Оқытушының не істейтіндігі емес, білім алушының не істейтіндігі тұрғысынан жазылған ба? (студенткебағдарланған)
- Белсенді етістікпен аяқталады ма?
- Бір ғана етістік қолданылды ма?
- Бір етістік жиі қолданылып кеткен жоқ па?
- Оқу нәтижесінің саны жеткілікті ма?

#### 2.4 Оқу нәтижелеріне сәйкес оқытатын пәндерді, оқытудың әдіс-тәсілдерін айқындау

Білім беру бағдарламасының күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытатын пәндерді, оқытудың әдіс-тәсілдерін, бағалау әдістерін таңдау қажет.

Бағдарлама бойынша күтілетін оқу нәтижелері (ОН)	ОН-ге қол жеткізуге мүмкіндік беретін пәндер	ОН-ге қол жеткізуге мүмкіндік беретін оқытудың әдіс тәсілдері	Бағалау әдістері
ОН1			
ОН 2			


ОН 3			
.....			

Одан кейін білім беру бағдарламаларының күтілетін оқу нәтижелеріне сәйкес пәндердің күтілетін оқу нәтижелері әзірленеді. Пәндердің күтілетін оқу нәтижелері бойынша пәндердің мазмұны анықталады. Пән мазмұнына сәйкес қысқаша сипаттамасы дайындалады.

## 2.5 Оқу жұмыс жоспарларын дайындау

Мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім беру стандарттарына сәйкес оқу жұмыс жоспары жасалады.

### Білім беру бағдарламасын даярлау алгоритмі



## 3 Білім беру бағдарламаларының құрылымдық элементтері

### Кіріспе

## **1 Білім беру бағдарламасының паспорты**

- 1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы
- 1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары
- 1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері
- 1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері

## **2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі**

## **3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары**

- 3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері
- 3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары

## **4 Бітірушінің құзыреттілік моделі**

## **5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері**

## **6 Оқу нәтижелерін бағалау саясаты**

## **7 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері**

## **8 Білім беру бағдарламасының мазмұны**

- 8.1 ББ бойынша оқу нәтижелерінің қалыптастырылатын құзыреттіліктерге сәйкестігі
- 8.2 Модульдер туралы мәліметтер
- 8.3 Пәндер туралы мәліметтер
- 8.4 Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары

## **Инновациялық білім беру бағдарламаларының мазмұны:**

1. Жалпы ақпарат
2. Бағдарламаның негіздемесі
3. Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері
4. Бағдарлама құрылымы және оқыту нәтижелері
  - 4.1. Педагогикалық компоненттің құрылымы
  - 4.2. Пәндік компоненттің құрылымы
  - 4.3. Міндетті компонент құрылымы
  - 4.4. Прогресс
  - 4.5. Білім беру бағдарламасын сәтті аяқтауға қойылатын талаптар
5. Студенттің жұмыс сипаттамасы
6. Баға/бағалау әдістері
  - 6.1. Бағалау
  - 6.2. сыртқы бағалау
7. Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар
  - 7.1. Оқытушы-профессорлық құрамға қойылатын талаптар
  - 7.2. Қосымша талап етілетін оқытушы-профессорлық құрам
  - 7.3. Оқытушы-профессорлар құрамының біліктілігін арттыру қажеттілігі
  - 7.4. Қосымша әкімшілік қызметкер қажеттілігі
8. Ресурстар
  - 8.1. Кітапхана ресурсы
  - 8.2. IT-ресурстар
  - 8.3. Инфрақұрылым
9. Қосымша ақпарат

9.1. Қосымша материалдар

9.2. Электронды оқыту

10.Бекіту

1-Қосымша: білім беру бағдарламасының негізгі қағидаттары

Әдебиеттер тізімі

#### **4. Білім беру бағдарламаларын құрылымдық элементтерін жобалауға арналған ұсыныстар**

##### **4.1. Білім беру бағдарламасының паспорты**

«Білім беру бағдарламасының сипаттамасы» бірінші тарауында білім беру бағдарламасының мақсаты айқындалады.БББ түсетін білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

##### **4.2. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері**

Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері тарауында ББ қойылған мақсатты, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындық сапасын бағалау саясатын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды

##### **4.3. Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары**

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталғандығын айқындайды.

##### **4.4. Бітірушінің құзыреттілік моделі**

Бітірушінің құзыреттілік моделін құрайтын түйінді құзыреттіліктерді қалыптастырады.

##### **4.5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері**

ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студентердің қандай қабілеттерге ие болуы тиісті екенін айқындау.

##### **4.6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты**

Пәннің оқу нәтижелерін бағалауда университет анықтайтын ағымдық пен межелік бақылау және аттестаттаудың түрлі формалары арқылы жүзеге асыруын айқындайды.

##### **4.7 Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері**

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылуын мүмкіндіктерін сипаттайды.

#### **5. Білім беру бағдарламаның үлгісі (бакалавриат)**

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ  
ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ  
И ВЫСШЕГО  
ОБРАЗОВАНИЯ  
РЕСПУБЛИКИ  
КАЗАХСТАН

Үлгі  
MINISTRY OF SCIENCE  
AND HIGHER EDUCATION  
OF REPUBLIC OF  
KAZAKHSTAN



КеАҚ Ө. ЖӘНІБЕКОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК  
ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ БЕКІТІЛДІ

УТВЕРЖДЕНО СОВЕТОМ ДИРЕКТОРОВ НАО  
ЮЖНО КАЗАХСТАНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ Ө. ЖӘНІБЕКОВ

APPROVED BY THE BOARD OF DIRECTORS OF THE  
NPJSC SOUTH KAZAKHSTAN PEDAGOGICAL  
UNIVERSITY NAMED AFTER U.ZHANIBEKOV

№ « » \_\_\_\_\_ 2025

БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАСЫ 6B0..... (.....)

ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ  
ПРОГРАММА 6B0..... (.....)

EDUCATIONAL  
PROGRAM 6B0..... (...)

**6B01.....- «.....»  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 6B0.....

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 6B0..... бойынша .....даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 6B0..... «.....» білім беру бағдарламасы бойынша ..... бакалавры

**Бағдарламаның типі:** бакалавриат, 6 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 240 академиялық кредит/240 ECTS

Білім беру бағдарламасы ..... факультетінің кеңесінде қаралып Ғылыми кеңеске талқылауға ұсынылды.

*Хаттама №\_ «»\_\_\_\_\_ 20... ж.*

Білім беру бағдарламасы университеттің Ғылыми кеңесінде талқыланып, Директорлар кеңесіне бекітілуге ұсынылды

*Хаттама №\_ «»\_\_\_\_\_ 20.... ж.*

Білім беру бағдарламасы Директорлар кеңесінде бекітіліп, қолданысқа енгізілді.

*Хаттама №\_ «»\_\_\_\_\_ 20.... ж*

***Келісілген:***

Басқарма-мүшесі- Академиялық мәселелер бойынша проректор\_\_\_\_\_

Академиялық істер департаментінің директоры \_\_\_\_\_

..... факультетінің деканы \_\_\_\_\_

.....

.....

### Бағдарламаны құрастыру бойынша жұмысшы тобы

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері
1			
2			
3			
4			
5			
6			
7			

### Сарапшылар

№	Аты-жөні	Қызметі	Байланыс деректері

### Қысқартулар:

ҰБШ – Ұлттық біліктілік шеңбері  
СБШ – Салалық біліктілік шеңбері  
ХСБЖ – Халықаралық стандарттық білім беру жіктеуіші  
ББ – Білім беру бағдарламасы  
ОЖЖ – Оқу жұмыс жоспары  
ЖОЖ – Жеке оқу жоспары  
ЭПК – Элективті пәндер каталогы  
ТҚ – Түйінді құзыреттіліктер  
ОН – Оқыту нәтижелері  
АКТ – Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар  
АБ – Аралық бағалау  
МБ – Межелік бағалау  
ҚБ – Қорытынды бағалау  
ЖБП – Жалпы білім пәндері  
БП – Базалық пәндер  
ПП – Профильдік (бейіндік) пәндер  
МОН – Модульдің оқыту нәтижелері

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b> .....	
<b>1 Білім беру бағдарламасының паспорты</b> .....	
1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы.....	
1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары.....	
1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері.....	
1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері.....	
<b>2 Білім беру бағдарламасының ерекшелігі</b> .....	
<b>3 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен құндылықтары</b> ...	
3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері.....	
3.2 Білім беру бағдарламасының құндылықтары.....	
<b>4 Бітірушінің моделі</b> .....	
<b>5 Білім беру бағдарламасы бойынша күтілетін оқу нәтижелері</b> .....	
<b>6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты</b> .....	
<b>7. Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері</b> .....	
<b>8. Білім беру бағдарламасының мазмұны</b> .....	
8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделіне сәйкестігі.....	
8.2. Модульдер туралы мәліметтер.....	
8.3. Пәндер туралы мәліметтер.....	
8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары.....	

## КІРІСПЕ

Білім беру бағдарламасы (ББ) университеттің білім беру мақсаты мен құндылықтарының негізінде бітірушінің кәсіби қызметі жайлы жалпы мағлұматтарды, бағдарламаның мақсаты мен міндеттерін, бітірушінің құзыреттілік моделін, күтілетін оқу нәтижелері мен оларды бағалау саясатын, білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдерін және бағдарлама мазмұнын қамтитын тұжырымдамалық сипаттағы нормативтік құжат болып табылады.

Білім беру бағдарламасы:

- ❖ университеттің білім берудегі саясатын іске асыруға;
- ❖ білім беру процесін қазақ, орыс және ағылшын тілінде ұйымдастыру арқылы үштұғырлы білім беруді іске асыруға;
- ❖ құзыреттілік көзқарас негізінде оқыту процесінің сапасын арттыруға;
- ❖ білім алушылардың өмір бойы оқуға дайын болуына мән беруге;
- ❖ білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруға, креативтілік, коммуникативтілік, сыни ойлау, зерттеушілік және ақпараттық қабілетін дамытуға бағытталған.

Білім беру бағдарламасы:

- ❖ элективті пәндер каталогын (ЭПК);
- ❖ оқу процесінің академиялық күнтізбесін;
- ❖ жеке оқу жоспарын (ЖОЖ);
- ❖ оқу жұмыс жоспарын(ОЖЖ);
- ❖ пәндердің оқу жұмыс бағдарламасын (силлабус);
- ❖ пәндердің оқу-әдістемелік кешенін;
- ❖ пәндер бойынша күтілетін оқу нәтижелерін;
- ❖ білім алушылардың пәндер бойынша оқу нәтижелерін бағалау критерийлерін;
- ❖ кәсіптік практиканы ұйымдастырудың құжаттарын және оқу процесін ұйымдастыруға қажетті басқа да құжаттарды дайындауға негіз болады.

## 1 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

### *1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы*

«.....» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

### *1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:*

- негізгі және бейіндік мектептер;
- мамандандырылған мектептер;
- орта білімнен кейінгі техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары болып табылады.

### *1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:*

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік.

### *1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері*

**Оқытушылық:**

- білім алушыларды оқыту мен дамыту;
- кәсіптік қызметінде оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау.

**Тәрбиелік:**

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- сыныптан тыс тәрбие жұмысын жоспарлау;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу;
- сыныптан тыс жұмыстарда оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің әр түрлі формалары мен әдістерін пайдалану;
- оқушылар ұжымымен, пән мұғалімдерімен, ата-аналармен байланыс орнату;

**Әдістемелік:**

- білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқу процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық технологияларды қолдану.

**Зерттеушілік:**

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- білім беру саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді талдау және жалпылау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу.

**Әлеуметтік коммуникативтік:**

- кәсіби қоғамдастықпен және білімнің барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;
- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және оларға педагогикалық қолдау көрсету.

## 2 БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Жоғары білім беретін «.....» білім беру бағдарламасы Еуропалық біліктілік және Ұлттық біліктілік шеңберіне, Дублин дескрипторларына, педагогтің кәсіби стандартына сәйкестендіріліп, аймақтық еңбек нарығы мен жұмыс берушілердің талаптарын ескере отырып, дайындалған құжаттар жүйесінен тұрады.

ББ қойылған мақсаттарды, күтілетін нәтижелерді, білім беру процесін жүзеге асыру жағдайлары мен технологияларын, бітірушінің берілген бағыттағы дайындығының сапасын бағалауды іске асыру жолдарын және оқу жұмыс жоспарының мазмұнын айқындайды.

ББ-ның ерекшеліктері:

- Заманауи білім беру парадигмасының негізінде құзіреттілік көзқарасты ұстана отырып, бітірушінің құзіреттілік моделін ұсыну. Құзіреттілік модель университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және миссиясына сай анықталған мақсатқа сәйкестендірілген. Білім беру бағдарламасын меңгеру қорытындысы бойынша бітірушінің түйінді құзіреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған күтілетін оқу нәтижелері анықталған. ББ-ның мазмұнында жаңартылған білім беру бағдарламасын негізге алатын әдістемелік пәндердің үлесі арттырылған.

- Оқу орны мен студенттің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және бітірушілерге жұмысқа орналасуға барынша мүмкіндік беретін, оқытудың негізгі және қосымша бөлімдері бар, «Major – minor» түріндегі білім беру бағдарламасы жасалынды. Minor-дің артықшылығы: пәнаралық байланыс пен құзіреттіліктің кеңеюі. Сол себепті, білім

алушылардың еңбек нарығында сұранысқа ие қосымша құзиреттіліктерін қалыптастыруға арналған «Minor» вариативті модуль енгізілген.

### **3.БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ**

#### **3.1 Білім беру бағдарламасының мақсаты мен міндеттері**

Білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің Стратегиялық даму жоспарының мақсатына және университет миссиясына сәйкес анықталған.

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Ұлттық біліктілік жүйесі мен еңбек нарығы талаптарына сай жалпымәдени және кәсіби құзыреттіліктері қалыптасқан, бәсекеге қабілетті ..... даярлау.

**Білім беру бағдарламасының міндеттері:**

- білім алушылардың кәсіби қызметін тиімді атқаруға қажетті түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыру;
- білім алушылардың тұлғааралық құндылықтар негізінде әлеуметтік жауапкершілігін және кәсіби этикалық нормаларды ұстануын қалыптастыру;
- білім алушылардың кәсіби шыңдалуға, өзін-өзі жүзеге асыруға ынталандыру негізінде білім беру сапасының деңгейін ұлттық және халықаралық стандарттар талаптарына сәйкестендіру;
- білім алушылардың кәсіби білімі мен тәжірибелік дағдыларын жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес қалыптастыру;
- тіл үштұғырлығы, функционалдық сауаттылық және салауатты өмір сүру негізінде қоғамды жаңартуда белсенділік танытатын жоғары білімді маман даярлауды қамтамасыз ету.

#### **3.2. Білім беру бағдарламасының құндылықтары**

ББ мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- ❖ қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- ❖ адалдық;
- ❖ құрмет;
- ❖ ынтымақтастық;
- ❖ ашықтық.

### **4 БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ**

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

## 5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ББ бойынша оқу нәтижелері:** Осы ББ-ны табысты аяқтағаннан кейін студенттер төмендегі қабілеттерге ие болады:

- **ON1** – .....
- **ON2** – .....
- **ON3** – .....
- .....

### 6. Оқу нәтижелерін бағалау саясаты

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін университетте олардың білімін бақылаудың келесі түрлері қарастырылған (күтілетін оқу нәтижелерін қалыптастыру):

- ағымдық бақылау;
- межелік бақылау;
- аралық аттестаттау;
- қорытынды аттестаттау.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бақылаудың барлық түрлері бойынша (ағымдық бақылау, межелік бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) критериалды бағалау технологиясы қолданылады. Бағалау әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша кестеге сәйкес жүргізіледі.

*Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шкаласы және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі*

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

Ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде оқытушының аудиторияда және аудиториядан тыс жұмыстарда жүргізген оқу жоспарына сәйкес студенттердің білімін жүйелі түрде тексеру.

Межелік бақылау – бір оқу пәнінің ірі бөлімін (модулін) аяқтағанда білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау.

Межелік бақылау бір академиялық кезең аралығында бір оқу пәні шеңберінде академиялық күнтізбеге сәйкес екі рет 7 апта және 15 аптада өткізіледі.

Әр оқу пәні бір академиялық кезеңде оқытылады және аралық аттестаттаумен (бақылаумен) аяқталады.

Ағымдық бақылау аралығында профессор-оқытушы құрамы білім алушыларды практикалық, лаборатория, семинар, БӨЖ (СОӨЖ/СӨЖ, МОӨЖ/МӨЖ, ДОӨЖ/ДӨЖ) және т.б. сабақтарында 100 балдық шкалада бағалап электрондық журналға қояды. Ағымдық

бақылаудың қорытынды балы сабақтардың түрлері бойынша балдардың үлес салмағы ескеріліп есептеледі. Сабақтардың түрлері бойынша балдарының үлес салмағы академиялық кеңесте бекітіледі.

Сабақтың түрлері	Үлес салмағы
Лекция (L)	K <sub>1</sub>
Практикалық (Семинар) сабақ (P)	K <sub>2</sub>
Зертханалық сабақ (Z)	K <sub>3</sub>
Студиялық сабақ (S)	K <sub>4</sub>
БӨЖ (B)	K <sub>5</sub>

$$AB = K_1 \cdot L_{op} + K_2 \cdot P_{op} + K_3 \cdot Z_{op} + K_4 \cdot S_{op} + K_5 \cdot B_{op}$$

$L_{op}$ -лекция бойынша,  $P_{op}$ -практика бойынша,  $Z_{op}$ -зертханалық сабақ бойынша,  $S_{op}$ - студиялық сабақ бойынша  $B_{op}$ - БӨЖ бойынша орташа балдар.

7-ші және 15-ші апталардағы қорытынды рейтинг балы келесі түрде есептеледі:

$$P1(P2) = 0,5 * AB1(AB2) + 0,5 * MB1(MB2)$$

P1 - бірінші рейтинг, P2 - екінші рейтинг.

Емтиханға жіберу рейтингісі есептеу:

$$PЖ = \frac{P1 + P2}{2}$$

Емтиханға жіберу рейтингісі **PЖ ≥ 50** болу керек.

Ағымдық және межелік бақылаулар білім алушының қорытынды балының 60%-ын құрайды, ал қалған 40%-ды білім алушы емтиханнан жинайды.

**Аралық аттестаттаудың қорытындысы төменде көрсетілген формуламен есептелінеді:**

$$\text{Қорытынды бағалау (ҚБ)} = 0,6 * PЖ + 0,4 * E$$

## Оқу нәтижелері мен бағалау әдістерінің сәйкестігі

Оқу нәтижелері	Бағалау әдістері
ON 1,2,3, 5,6,7,8,10	Аудиториялық сабақтардағы белсенділігі
ON 2,3, 7, 10	Эссе
ON 2,3,4, 8	Топтық презентация
ON 2, 3, 6,7, 8	Жоба даярлау(топтық жұмыс)
ON 1, 3, 5	Жеке тапсырма
ON 6, 7, 10	«Төңкеріліс сынып» технологиясы
ON 1,4,7,10	Кейс-стади
ON 1, 2, 3, 4	Ғылыми-зерттеу
ON 8,10	Геймификация
ON 2,5	Портфолио
ON 5, 6,7,9, 10	Практика есебі
ON 1-10	Аралық қорытынды бақылау
ON 1-10	Қорытынды аттестация

### 7.Білім беру процесін ұйымдастыруды іске асыру әдіс-тәсілдері

Білім беру процесін ұйымдастыру білім алушылардың пәндерді және модульдерді зерделеу ретін академиялық кредиттер жинақтай отырып, таңдауы және дербес жоспарлауы негізінде оқытумен анықталатын кредиттік технология бойынша жүзеге асырылады.

#### *Білім беру процесін ұйымдастырудың міндеттері:*

- білім көлемін бірегейлендіру;
- оқытуды барынша дараландыру үшін жағдай жасау;
- білім алушының өзіндік жұмыстарының тиімділігін күшейту;
  - білім алушының оқу жетістіктерін тиімді әрі ашық бақылау негізінде айқындау.

#### *Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша берілетін мүмкіндіктер:*

- білім алушылар мен оқытушылардың әрбір пән және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша еңбек шығынын бағалау үшін академиялық кредиттер жүйесін енгізу;
- білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыруға тікелей қатысуын қамтамасыз ету;
- элективті пәндер каталогіндегі пәндерді және модульдерді таңдау;
- пәндерге тіркеу кезінде білім алушылардың оқытушыны таңдауы;
- эдвайзерлердің көмегімен білім алушылардың білім траекториясын таңдауы;
- интерактивті оқыту әдістерін пайдалану;
- білім беру бағдарламаларын қалыптастыруда академиялық еркіндік;
- оқу процесін қажетті оқу және әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың тиімді әдістерін қолдану;
- әр оқу пәні және оқу жұмысының басқа түрлері бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік жүйесін пайдалану.

*Қолданылатын оқыту әдістері мен технологиялары:*



Білім беру қызметінің сапасын арттыруға бағытталған сапаны іштей қамтамасыз ету жүйесі:

- сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясат;
- бағдарламаларды әзірлеу мен бекіту;
- білім алушыларға бағдарланған оқыту, сабақ беру және бағалау;
- білім алушыларды қабылдау, олардың үлгерімі, тану және сертификаттау;
- оқытушылар құрамы;
- оқу ресурстары және білім алушыларды қолдау жүйесі;
- ақпаратты басқару;
- жұртшылықты хабардар ету;
- тұрақты мониторинг және бағдарламаларды мерзімді бағалау;
- сыртқы мерзімді сапаны қамтамасыз ету.

### **Кәсіптік практика**

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады.

ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады:

*Педагогикалық бағыттағы білім беру бағдарламалары бойынша:* «Мұғалім кәсібіне кіріспе (педагогикалық практика, 1-курс)», «Психологиялық-педагогикалық бағалау (педагогикалық практика, 2-курс)», «Педагогикалық тәсілдер (педагогикалық практика, 3-курс)», «Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар (педагогикалық практика, 4-курс)»;

*Педагогикалық емес білім беру бағдарламалары бойынша:* оқу, тілдік, өндірістік, дипломалды практикалар.

**Мұғалім кәсібіне кіріспе** - практикасында студент білім беру үдерісімен және білім беру ұйымдарындағы жағдаймен таныстыру, оларды болашақ кәсіби қызмет жағдайына бейімдеу болып табылады. Алғашқы педагогикалық бақылаулар мен талдау жұмыстарын жүргізеді.

**Психологиялық-педагогикалық бағалау** – практикасында білім беру мекемесінің тұтас педагогикалық үдерісінің ерекшеліктерімен таныстыру және білім беру үдерісін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз ету саласында талдау-рефлексивтік, зерттеу, жобалық және басқа дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

**Педагогикалық тәсілдер** -практикасында болашақ мұғалімдерді жан-жақты дамыту, практикада кәсіби біліктілікті жетілдіру сабақ жоспарлау, оқыту әдістерін талдау, сыныптағы қарым-қатынасты ұйымдастыру сияқты кәсіби шеберліктерін жетілдіреді.

**Білім берудегі зерттеулер мен инновациялар** болашақ мұғалімдердің өздерінің кәсіби қызметі мен жұмыс ортасын дамытуға көзқарастарын қалыптастыруға, ынтымақтастық мәселелерді шешу мен көшбасшылық дағдыларын дамытуға бағытталған. Олар өздерінің педагогикалық және зерттеу дағдыларын тереңдетеді, сондай-ақ өз мамандануына сәйкес практикалық дағдыларды дамытады (дидактика). Осы тәжірибеден өту кезінде болашақ мұғалімдер деректерді жинайды және талдайды, гипотезаны тексереді немесе «Зерттеулер, даму және инновация» курсына құрылған зерттеу жоспарының бөлігі ретінде эксперимент жүргізеді. Олар қорытынды жасап, зерттеу нәтижелерін кәсіби түрде таратудың әртүрлі формалары мен арналарын зерттейді.

**Оқу практикасының** мақсаты – болашақ кәсіптің объектісі болып табылатын ұйымның ұйымдық-құқықтық нысанымен, құрылымымен, басқару жүйесімен және т.б. жалпы танысу. Сонымен қатар болашақ кәсіптік қызметінің түрлерін, функцияларын және міндеттерін зерделеу, іскерлік хат алмасуды зерделеу және іс қағаздарын жүргізу, еңбек ұжымында жұмыс жасау дағдыларын игеру болып табылады.

Оқу практикасы барлық білім алушылар үшін ұйымдастырылады. Оқу практикасы ББ ерекшелігіне, бейініне сәйкес өткізілетіндігі кафедра мәжілісінде қаралып, практика бағдарламасында көрсетіледі.

**Тілдік практиканың** мақсаты білім алушыларда ауызша және жазбаша аударудың дағдыларын, іскерлік мен достық қарым-қатынас дағдыларын, соның ішінде оқытылатын тілдердің сөйлеушілерімен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

Тілдік практика тілдік бағытта білім алушылар үшін, ағылшын және көптілді топтардың білім алушылары үшін ұйымдастырылады.

**Өндірістік практиканың** мақсаты жалпы ғылыми, арнайы пәндер бойынша білімдерді бекіту және тереңдету, теориялық білімдер негізінде кәсіби машықтарды, дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру болып табылады. Бұл практика білім беру саласының даярлау бағыты бойынша кәсіпорындар мен мекемелерде ұйымдастырылуы мүмкін.

**Дипломалды практика** дипломдық жұмысты жазатын барлық түлектер үшін бітіруші курста өткізіледі. Дипломалды практика дипломдық жұмыстың жетекшісі арқылы бақыланады.

Барлық деңгейдегі практикалар студенттің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға, кәсіби өзін-өзі анықтауға, шығармашылық ойлауды дамытуға және оны еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін жоғары кәсіби маман ретінде қалыптастыруға ықпал етеді.

## **Білім беру бағдарламасының мазмұны**

### **8.1. ББ бойынша оқу нәтижелерінің бітіруші моделімен сәйкестігі**

Білім беру бағдарламасының **оқу нәтижелері** бітіруші моделіне сәйкес анықталады.

### **Білім беру бағдарламасының оқу нәтижелерін бітіруші моделімен байланыстыру матрицасы.**

**Мысалы:**

<b>БМ</b>	<b>ON 1</b>	<b>ON 2</b>	<b>ON 3</b>	<b>ON 4</b>	<b>ON 5</b>	<b>ON 6</b>	<b>ON 7</b>	<b>ON 8</b>	<b>ON 9</b>	<b>ON 10</b>

**8.2.**

**8.3. Модульдер туралы мәліметтер**

**Мысалы:**

№	Модульдің атауы	Модульдің оқу нәтижелері	Модульдің құрамындағы пәндер	Модульдің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Циклі	Кредит саны	Бітіруші моделінің элементтері
1							
2							

### 8.3. Пәндер туралы мәліметтер

№	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Оқу нәтижелері (коды)																		
				ON1	ON2	ON3	ON4	ON5														
<b>Жалпы білім беру пәндері циклы Таңдау компоненті</b>																						
1																						
<b>Базалық пәндер циклі Жоғары оқу орнының компоненті</b>																						
2																						
3																						
4																						

### 8.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспары (Үлгісі қосымшада)

## ОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА

6В015.....- «ПОДГОТОВКА УЧИТЕЛЯ .....»

**Код и классификация области образования:** 6В0... ..

**Код и классификация направления подготовки:** 6В0..... .

**Присуждаемая степень:** Бакалавр образования по образовательной программе «6В0.....- .  
.....»

**Тип программы:** бакалавриат, 6 уровень НРК/ОРК/МСКО

**Общее количество кредитов:** 240 академических кредитов / 240 ECTS

Образовательная программа рассмотрена на заседании Совета факультета ..... и  
рекомендована для обсуждения Ученым совете университета. *Протокол № от « »*  
*20... г.*

Образовательная программа рассмотрена на Ученом совете университета и рекомендована  
на утверждение советом Директоров. *Протокол № от « » 20.. г.*

Образовательная программа утверждена советом Директоров и введена в действие.  
*Протокол № от « » 20.. г.*

**Согласовано:**

Член правления-проректор по учебной работе \_\_\_\_\_ .

Директор департамента по академическим вопросам \_\_\_\_\_

Декан факультета естествознания \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

..... \_\_\_\_\_ .....

..... \_\_\_\_\_ .....

### Рабочая группа по разработке образовательной программы

№	ФИО	Должность	Контактный телефон
1			
2			
3			
4			

5			

### Эксперты

№	ФИО	Должность	Контактный телефон

**Сокращения:**

- НРК – Национальная рамка квалификаций
- ОРК – Отраслевые рамки квалификации
- МСКО – Международная стандартная классификация образования
- ОП – Образовательная программа
- РУП – Рабочий учебный план
- КЭД – Каталог элективных дисциплин
- КК – Ключевые компетенции
- РО – Результаты обучения
- ИКТ – Информационно-коммуникационные технологии
- РК – Рубежный контроль
- ТК – Текущий контроль
- ИО – Итоговая оценка
- ООД – Общее образовательные дисциплины
- БД – Базовые дисциплины
- ПД – Профильные дисциплины

### СОДЕРЖАНИЕ

<b>Введение</b>	.....
<b>1 Паспорт образовательной программы</b>	.....
1.1 Сфера профессиональной деятельности выпускника	.....
1.2 Объекты профессиональной деятельности выпускника	.....
1.3 Виды профессиональной деятельности выпускника	.....
1.4 Задачи профессиональной деятельности выпускника	.....
<b>2 Особенности образовательной программы</b>	.....
<b>3 Цели и ценности образовательной программы</b>	.....
3.1 Цели и задачи образовательной программы	.....
3.2 Ценности образовательной программы	.....
<b>4 Модель выпускника</b>	
<b>5 Ожидаемые результаты обучения по образовательной программе</b>	
<b>6 Политика оценки учебных достижений</b>	.....
<b>7 Способы и методы организации образовательного процесса</b>	
<b>8 Содержание образовательной программы</b>	.....
8.1 Соответствие результатов обучения ОП модели выпускника	
8.2 Сведения о модулях	.....
8.3 Сведения о дисциплинах	.....

8.4 Рабочий учебный план образовательной программы .....

## **Содержание инновационных образовательных программ**

1. Общая информация
  2. Обоснование программы
  3. Профессиональные компетенции учителей
  4. Структура программы и результаты обучения
    - 4.1. Структура педагогического компонента
    - 4.2. Структура предметного компонента
    - 4.3. Структура обязательного компонента
    - 4.4. Прогресс
    - 4.5. Требования для успешного завершения образовательной программы
  5. Описание работы студента
  6. Методы оценки/ оценивание
    - 6.1. Оценивание
    - 6.2. Внешняя оценка
  7. Требования к профессорско-преподавательскому составу
    - 7.1. Требования к профессорско-преподавательскому составу
    - 7.2. Дополнительно требуемый профессорско-преподавательский состав
    - 7.3. Необходимое повышение квалификации профессорско-преподавательского состава
    - 7.4. Требуется дополнительный административный персонал
  8. Ресурсы
    - 8.1. Библиотечный ресурс
    - 8.2. IT-ресурсы
    - 8.3. Инфраструктура
  9. Дополнительная информация
    - 9.1. Дополнительные материалы
    - 9.2. Электронное обучение
  10. Утверждение
- ПРИЛОЖЕНИЕ 1: Основные принципы образовательной программы**  
Список литературы

## **ВВЕДЕНИЕ**

Настоящая образовательная программа (далее – ОП) является нормативным документом концептуального характера, основанным на целях и ценностях университетского образования, содержащим общие сведения о профессиональной деятельности выпускников, целях и задачах ОП, модели выпускника, ожидаемых результатах обучения и политики их оценивания, о методах и способах организации образовательного процесса, о содержании программы.

Основные направления ОП:

- реализация образовательной политики университета;
- внедрение трехязычного образования путем организации образовательного процесса на казахском, русском и английском языках;
- повышение качества процесса обучения на основе компетентностного подхода;
- готовность обучающихся к самообразованию на протяжении всей жизни;
- формирование мировоззрения обучающихся, развитие их креативности, коммуникативности, критического мышления, исследовательских и информационных способностей.

ОП является основой для разработки следующих документов:

- Каталога элективных дисциплин (КЭД);
- Академического календаря учебного процесса;
- Индивидуального учебного плана (ИУП);
- Рабочего учебного плана (РУП);
- Рабочей учебной программы дисциплин (силлабуса);
